

Келісіді  
«Ақмола облысы білім  
басқармасы Ақкөл аудандық білім  
бөлімі» КММ-сінің басшысы  
Ашимов К.Қ

БЕКІТЕМІН:  
Мектеп директоры  
М. Хадыр  
"Ақмола облысы білім басқармасының  
Ақкөл ауданы бойынша білім бөлімі  
Саздыбұлақ а. ЖОББМ" КММ-сінің  
2024 жыл 28 тамыз №1 педагогикалық  
кеңесінің хаттамасы

«Ақмола облысы білім басқармасының Ақкөл ауданы бойынша білім бөлімі  
Саздыбұлақ ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ  
2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген МЖМБС негізінде;  
ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту  
министрінің 26.10.2023 ж. № 323 және 08.02.2024 ж. № 27 бұйрығымен  
енгізілген өзгерістерімен); ҚР БҒМ 2012 жылғы 12 желтоқсандағы № 557  
бұйрығына сәйкес мектепалды тобы, бастауыш, негізгі орта, орта білім  
берудің вариативтік компоненті.  
2024-2025 оқу жылының

**жұмыс оқу жоспары**

Келісілді  
«Ақмола облысы білім  
басқармасы Ақкөл аудандық білім  
бөлімі» ММ-сінің басшысы  
\_\_\_\_\_ Ашимов К.Қ

БЕКІТЕМІН:  
Мектеп директоры  
\_\_\_\_\_ М. Хадыр  
"Ақмола облысы білім басқармасының  
Ақкөл ауданы бойынша білім бөлімі  
Саздыбұлақ а. ЖОББМ" КММ-сінің  
2024 жыл 28 тамыз №1 педагогикалық  
кеңесінің хаттамасы

«Ақмола облысы білім басқармасының Ақкөл ауданы бойынша білім бөлімі  
Саздыбұлақ ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ  
2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген МЖМБС негізінде;  
ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту  
министрінің 26.10.2023 ж. № 323 және 08.02.2024 ж. № 27 бұйрығымен  
енгізілген өзгерістерімен); ҚР БҒМ 2012 жылғы 12 желтоқсандағы № 557  
бұйрығына сәйкес мектепалды тобы, бастауыш, негізгі орта, орта білім  
берудің вариативтік компоненті.  
2024-2025 оқу жылының

**жұмыс оқу жоспары**

## **Оқу-жұмыс жоспарының мазмұны**

Түсінік хат.....	3-11
Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу-жұмыс жоспары.....	12
Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу-жұмыс жоспары.....	13
Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары .....	14

**«Ақмола облысы білім басқармасының Ақкөл ауданы бойынша  
білім бөлімі «Саздыбұлақ ауылының жалпы орта білім беретін мектебі»  
КММ үлгілік оқу жоспарына түсінік жазба  
2024-2025 оқу жылы**

2024-2025 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін іске асыру кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» және т.б., Заңдарды және басқа да заңнама актілерін басшылыққа алуы және оқыту процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс:

– «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы);

– «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР МП 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы);

– «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы);

– «Білімді ұлт» «Сапалы білім» Ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 Қаулысы;

– «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» (Қазақстан

Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы);

– «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы);

– «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» (ҚР БҒМ 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығы);

– «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы);

– «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді

жан басына нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 қарашадағы № 596 бұйрығы);

– «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығы);

– «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы);

– «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығы);

– «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2021 жылғы 11 қарашадағы № 559 бұйрығы);

– «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығы);

– «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы);

– «Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығы);

– «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулар ҚР БҒМ 2020 жылғы 2 сәуірдегі №125 бұйрығымен енгізілген);

– «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы;

(ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №122 бұйрығы);

– «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы №175 бұйрығы);

- «Үздік педагог» атағын беру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы №12 бұйрығы);
  - «Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы);
  - «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығы);
  - «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығы);
  - «Орта білім беру ұйымдарындағы сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 18 бұйрығы);
  - «Жеңімпаздар, жүлдегерлер және оларды дайындаған педагогтер бюджет қаражаты есебінен біржолғы сыйақымен марапатталатын жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 Бұйрығы.
- (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 333 бұйрығы);

2024-2025 оқу жылының басталуын, ұзақтығы мен каникул кезеңі орта білім беру ұйымдарында меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан «Орта білім беру ұйымдарында» 2024/2025 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» ҚР БҒМ бұйрығымен бекітілген:

- 1) 2024-2025 оқу жылының басы – 2024 жылғы 2-қыркүйек алғашқы оқу күні, оқудың аяқталуы - 2025 жылғы 23 мамыр.;
- 2) оқу жылының ұзақтығы
  - 1-ші сыныпта – 33 оқу аптасы, 2–11-ші сыныпта – 34 оқу аптасы;
- 3) оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:
  - 1–11-ші сыныпта:
    - күзгі – 7 күн (2024 жылғы қазанның 28-нен қарашаның 3-не дейін қоса),
    - қысқы – 10 күн (2024 жылғы желтоқсанның 30-нан қаңтардың 8-не дейін қоса),
    - көктемгі – 11 күн (2025 жылғы наурыздың 21-нен наурыздың 31-не дейін қоса);
    - 1-ші сыныпта: қосымша каникул – 7 күн (2025 жылғы ақпанның 10-нан 16-на дейін қоса).

Үлгілік оқу жоспарлары 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген МЖМБС негізінде; ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 26.10.2023 ж. № 323 және 08.02.2024 ж. № 27 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен); ҚР БҒМ 2012 жылғы 12 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен жасалды.

1-11 сыныптардағы оқу процесі:

Негізгі жұмыс жоспары оқу жылының басындағы педагогикалық кеңесте қарастырылып, бекітіледі. №1 28.08.2024ж

2024-2025 оқу жылында Педагогтер кеңесінің шешімімен мектептер мектептің материалдық-техникалық жабдықталуын (спортзалдар, аудиториялық қор), білім алушылар контингенті, кадрлармен қамтамасыз ету және т.б. ескере отырып, жеке пәндерді оқытуда сыныптарды топтарға бөлу туралы дербес шешім қабылдайды.

Сыныптардың бөліну реті:

Барлығы: 10 сынып, 7 сынып-комплект

Бастауыш сыныптар- 4 сынып, 3 сынып-комплект (1, 3, 2-4)

Орта буын сыныптары- 4 сынып, 2 сынып-комплект (5-6, 7-8)

Жалпы орта сыныптары- 2 сынып, (10, 11)

**Оқытудың алғашқы сатысы 1-4 сынып оқу бағдарламалары қарастырады:**

Инвариативтік компонент есебінен жүзеге асырылады:

-бастауыш сыныптың базалық компоненттерін толық сақталады.

2024-2025 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алуы және оқу-тәрбие процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс:

–«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы);

–«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР МП 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы);

ББ МЖМС талаптарын негізге ала отырып, бастауыш білім беру білім алушыларды жан-жақты дамытуды, қоғамда өзіне лайықты орнын табуға қабілетті жеке тұлғаның қалыптасуы үшін негіз қалауды, оқыту мен тәрбиелеудің сапасын арттыруды, қолданбалы сипаттағы тапсырмаларды шешу үшін алған білімдерін қолдана білуін дамытуды қамтамасыз етуі тиіс.

Республиканың жалпы білім беретін мектептеріндегі оқу процесі ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (ҚР Оқу-ағар-ту министрінің 26.10.2023 ж. № 323 және 08.02.2024 ж. № 27 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) бекітілген Үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады.

2024-2025 оқу жылынан бастап мынадай өзгерістер енгізілді:

Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 33 оқу аптасын, 2-11 (12) сыныптарда – 34 оқу аптасын құрайды.

Бастауыш білім беру деңгейі бойынша:

- тілдерді кезең-кезеңмен оқыту шеңберінде 3-сыныптан бастап аптасына 2 сағат көлемінде «Шетел тілі» пәнін оқыту енгізілетінін;

- 3-сыныпта «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндері аптасына 1 сағаттан оқытылатынын;

- «Жаратылыстану» пәні 3-сыныпта аптасына 1 сағаттан, 4-сыныпта аптасына 2 сағаттан оқытылатынын ескеру қажет.

1-4 сыныптарда оқу жоспарының инварианттық және вариативтік компоненттері бойынша жалпы жүктемемен анықталатын білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

1 сыныпта – 19,5 сағат;

2 сыныпта – 24 сағат;

3 сыныпта – 26 сағат;

4 сыныпта – 26 сағат.

**Вариативтік компонент арқылы жүзеге асады:**

1-сынып оқу курсына «Қызықты математика» - 1 сағат ,

2- сынып оқу курсына «Қызықты математика» - 1 сағат,

2 сынып оқу курсына «Сөз мерген» - 1 сағат,

4-сынып оқу курсына«Қызықты математика» - 1 сағат

Жоғарыда көрсетілген сағаттар 2024 ж. 28 тамыздағы № 1 педагогикалық кеңесте бекітілді.

**1, 3, 2-4 сынып оқу курсына «Қызықты математика»курстың мақсаты:**

Мектептің негізгі сатысында оқуға, меңгерген математикалық білімдерін өмірде қолдануға жан-жақты дайындау. Оқушылардың ақыл-ойының интеллектуалдық және ерік пен сезімге қатысты сапаларын анықтау үшін тиімді жағдай жасау және барынша баланың өзіндік тәжірибесін анықтау, жетелеу, пайдалану болып табылады.

**2 сынып вариативтік оқу курсындағы «Сөз мерген» сабағының мақсаты:** Оқушылардың қазақ тілі пәнінен алған білімдерін жетілдіре отырып, тіл байлықтарын, өз ойларын нақты, терең мағыналы әрі көркем жеткізе білу дағдыларын дамыту. Басқалармен тең құқылы білім алуға мүмкіндік жасау. Өзіне сенімді, мәдениетті тұлға тәрбиелеу. Олардың білімге деген құштарлығын, еңбек сүйгіштігін, орындалатын жұмысқа деген жауапкершілігін арттыру, қиындықтарды жеңе білуге баулу.

**Бағдарламаның жүйесі:**

балаларға медико-педагогикалық көмек көрсетуге жағдай жасау;

толыққанды дамуына және бейімделуіне, табысты білім алуға және белсенді қызметке ынталандыру;

балалардың бір-бірімен дұрыс қарым-қатынас жасай білуге және табысқа жетуге үйрету;

байланыстырып сөйлеуге, сөйлеу мәдениетіне үйрету;

үлкендерді құрметтеп, олардан өнеге алуға жетелеу.

5-9 сыныптарда оқу жоспарының инварианттық және вариативтік компоненттері бойынша жалпы жүктемемен анықталатын білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

5 сыныпта – 28,5 сағат;

6 сыныпта – 28,5 сағат;

7 сыныпта – 31,5 сағат;



8 сыныпта – 32,5 сағат;

**5—8 сынып оқу курсына «Жаһандық құзыреттілік»** 5-8 сыныптарда курс 5 бірлікті қамтиды: «Парасаттылық және этика», «Азаматтық және патриотизм», «Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық», «Тіршілік қауіпсіздігі», «Экологиялық мәдениет»

Юнит тақырыбының «Парасаттылық және этика» мазмұны білім алушылардың этикалық мәдениетін дамытуға, нақты өмірлік жағдайларда мінез құлық қағидалары мен нормалары білуін қолдануға, социумдағы табысты өзара іс қимылға ахуалды сыни талдау және жауапты шешімдер қабылдау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Курсыт мазмұны зерттеу мазмұнын дамытуды және Юнит тақырыбының «Парасаттылық және этика» мазмұны білім алушылардың этикалық мәдениетін дамытуға, нақты өмірлік жағдайларда мінез-құлық қағидалары мен нормаларын білуін қолдануға, социумдағы табысты өзара іс-қимылға, ахуалды сыни талдау және жауапты шешімдер қабылдау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Юниттің «Азаматтылық және патриотизм» (5-8-сыныптар) контенті тақырыптарының контенті білім алушылардың жергілікті, өңірлік, елдік, жаһандық ауқымдағы өзара тәуелділік мәселелерін сыни ұғыну, мемлекеттің, саяси және діни бірлестіктер мен мәдениеттердің өзара байланысы қағидаттарын түсіну, әлемде өз ұстанымдарын табысты айқындаудың әмбебап құзыреттерін иелену дағдыларын көздейді.

«Экологиялық мәдениет» юнитінің тақырыбы (5-8 сыныптар) білім алушыларды Экологияның негізгі заңдарымен таныстырады, өз денсаулығына, қоршаған адамдарға және табиғатқа жауапкершілікпен қарау қажеттілігі туралы түсінік қалыптастыруға ықпал етеді. Оқыту курсының нәтижесі табиғатты пайдалану құндылықтарына ие, экологиялық санасы дамыған әлеуметтік бағдарланған тұлға болады.

Әртүрлі пәндер бойынша оқыту процесінде қалыптасатын білім алушылардың экологиялық мәдениеті алынған білімді практикада қолдануға баса назар аудара отырып, «Жаһандық құзыреттер» курсы юнитін зерделеу барысында бекітіледі.

«Тіршілік қауіпсіздігі» (5-8 сыныптар) юнитінің контенті педагогтарға оқу процесін мынадай тақырыптар төңірегінде ұйымдастыруды ұсынады: «Қауіпсіз үй, аула, мектеп», «Менің үйім», Табиғаттағы қауіпсіздік», «Ережелер мен заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік», «Қандай да бір қауіп туындаған жағдайда білу маңызды», «Отпен ойнамаңыз!», «Құтқару қызметтері», «Табиғи апаттар кезіндегі қауіпсіздік», «Жауапты мінез-құлық және инфекциялардың алдын-алу», «Мен өзіме және басқаларға төтенше жағдайларда қалай көмектесе аламын?», «Менің қауіпсіздігім менің қолымда!», «Абайлаңыз, күдікті заттар!», «Техниканы қауіпсіз пайдалану», «Жеке басына қол сұғылмаушылық құқығы», «Өмір мен денсаулық үшін қауіпті жағдайлардан қалай шығу керек?», «Менің денсаулығым менің қолымда!», «Денсаулық пен сұлулық құпиялары немесе гигиена не үшін қажет», «Мен не жеймін», «Тамақ қауіпсіздігі», «Зорлық-зомбылыққа төзбеушілік», «Қауіпсіздік мәселесін кіммен талқылауға болады?»

«Жолаушы көлікте қалай піл бола алады?», «Үйдегі қауіпсіз мінез-құлық ережелері», «Телефон алаяқтары: не істеу керек?», «Жеке тұлғаны сақтау құқығы», «Алғашқы көмек көрсету ережелері».

«Жаһандық құзыреттер» курсы аяқтау нәтижесінде білім алушылар оны табысты тұлға ретінде сипаттайтын құндылықтарға: коммуникативтік дағдылар, этикалық нормалар мен мінез-құлық ұстанымдарына ие болады.

**10-11-сыныптарда оқу процесінде Қоғамдық-гуманитарлық бағыт** жұмыс жоспар жоғарғы сыныптардың таңдау бағытына сай, ГОС стандарт негізінде құрылды.

«Өмір қауіпсіздігінің және ақпараттық технологиялар негіздері» оқу курсының мазмұны 10-11 сыныпта «Алғашқы әскери дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы жүзеге асырады. Өмір қауіпсіздігінің негіздері бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі

10-11 сыныптың вариативтік компоненті төменгі пәндерді құрайды **10—11 сынып оқу курсына «Жаһандық құзыреттілік»** оқи отырып, білім алушылар кәсіпкерлік, қаржы негіздері бойынша базалық білім алады. Сауаттылық, экономика, менеджмент, маркетинг, дағдысын қалыптастырады үшін қажетті кәсіпкерлік ойлау қазіргі нарықтық жағдайдағы қызмет.

Курстың мақсаты: білім алушыларда жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін түсінуді, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды түсінуді және бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыру.

Оқу курсы мазмұнының бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтарын ескере отырып әзірленген бес бөлімнен тұрады.

Бірінші бөлімде білім алушылар жаһандық мәселелер, мәдениетаралық қатынастар, әлеуметтік қатынастардың әртүрлі модельдерінің маңыздылығы туралы білімдерін тереңдетеді, жобалық жұмыстың тақырыптары мен мақсаттарын, қажетті ақпарат көздерін іздеу, ақпаратты талдау және жинау әдістерін анықтайды. Білім алушылар жоба нәтижелерін бағалау рәсімдері мен критерийлерін белгілейді.

Екінші бөлімінде «Жергілікті, жаһандық және мәдени маңызы бар кейбір мәселелерді зерделеу» бойынша білім алушыларға зерттеу және жобалау жұмыстарын жүргізу үшін тақырыпты таңдауда еркіндік беріледі, халықаралық және жергілікті көздерге шолу жасалады.

Үшінші бөлімінде «Әр түрлі дүниетанымдар мен көзқарастарды түсіну және құрметтеу» бойынша кіретін тақырыптар: «Дүниетанымды түсіну», «Басқа адамның көзқарасын қабылдау қабілеті», «Басқа мәдениеттерді ұстанатын адамдарға құрмет», «Толеранттылық: бір-бірімізді түсінуді үйрену», «Жобалық жұмыс. Зерттеу».

Төртінші бөлім «Білім алушылардың мәдениеттері арасындағы ашық және өзара тиімді әрекеттерге қатысу» білім алушылардың өзіндік ерекшелігі мен мәдениеттердің алуан түрлілігін түсінуін қалыптастыруға,

эртүрлі мәдениеттердің құндылықтар жүйесімен танысуға, мәдениетаралық коммуникация дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Бесінші бөлім ұжымдық әл-ауқат пен тұрақты дамудың маңыздылығына, жергілікті, ұлттық және жаһандық бастамаларға белсенді қатысу қажеттілігіне арналған.

11-сыныпқа арналған «Жаһандық құзыреттер» курсы «Бизнес және кәсіпкерлік негіздері» және «Қаржылық сауаттылық» екі юнитінен тұрады. 10-11-сыныптарда «Жаһандық құзыреттер» курсының мазмұны білім алушыларда пән саласына қатысты дағдыларды (hard skills), әлеуметтендіру дағдыларын (soft skills), өздігінен білім алу және үздіксіз білім алу дағдыларын (self skills) қалыптастырудың жүйелі процесін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

### **10-11 сынып оқу курсына «математика күнделікті өмірде»**

Математика пәні бойынша 10-11 сыныптарға арналған. Курс бағдарламасы 34 сағат құрайды, аптасына 1 сағаттан қарастырылған. Бағдарламаға сәйкестендіріліп оқушылардың жас ерекшеліктеріне, сыныптың бағыт-бағдарына сай жасақталған. Яғни қосымша тереңдетіліп, ақпарат көбірек берілуге негізделген.

Білім алушылардың пән мазмұнын меңгеру барысында қол жеткізе алатын білім деңгейі және адамның қолданбалы білімге негізделген өмір мен қызметтің эртүрлі салаларындағы стандартты өмірлік мәселелерді шешу қабілеті екені белгілі. Функционалдық сауаттылықтың бір бағыты математикалық сауаттылық болып табылады. Бұл білім алушының математикалық ойлау, тұжырымдау, қолдану және эртүрлі практикалық бағыттағы тапсырмаларды шешу үшін математикалық білімін қолдану қабілеті. Ма-тематикалық сауаттылық құбылыстарды сипаттау, түсіндіру және болжау үшін математикалық ұғымдарды, фактілер мен құралдарды қолдануды көздейді. Бұл математиканың әлемдегі рөлін түсінуге, негізі бар пікірлер айтуға, белсенді шешімдер қабылдауға көмектеседі.

Курстың мақсаты:

- Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін арттыра отырып, есептеу дағдыларын қалыптастыру;

- Өздігінен жұмыс істеуге, шапшаңдыққа тәрбиелеу.

Курстың міндеттері:

- Логикалық ойлауды, кеңістік елестетуді және математикалық терминдерді кеңінен пайдалану біліктілігін дамыту;

- Түрлі тапсырмалар орындау барысында шығармашылық, іскерлік қабілеттерін арттыру;

- Математиканың қоршаған болмысты танып –білуге көмектесетін ғылым болып табылатыны туралы түсініктерді қалыптастырып, шығармашылықпен жұмыс істейтін жеке тұлға тәрбиелеу;

- Өзінің математикалық білімі мен біліктерін басқа пәндерде меңгеруде, сонымен қатар күнделікті өмірде қалай пайдалану керектігін түсіну;

- Түсіну, түсіндіру, синтез, талдау,жүйелеу,қолдану және суреттеу дағдыларын дамыту;.

Оқыту тәсілі

- Оқушыларды жекелей өздігінен жұмыс жасау дағдысына қалыптастыру;

- Шығармашылықпен, ойын әдістері арқылы жұмыс жасауға үйрету; .

**10-11 сынып оқу курсына «Гендік инженерия»** курс бағдарламасы 34 сағат құрайды, аптасына 1 сағаттан қарастырылған. Бұл курста биология пән бойынша оқушылардың білім сапасын, ген инженериясының даму тарихы, қолдану аясы мен жетістіктеріне талдау жасау, экологиялық ойлауын арттыру арқылы өзіндік тұжырымын, көзқарасын қалыптастыру, дүниетанымын жетілдіріп, теориялық ұғымдарды практикалық тұрғыда жүйелі ұштастыруға бағыттау.

**Курстың мақсаты:** Оқушыларға тіршілікте ең жоғары құндылық экологиялық деп түсінетін білім мен тәрбие беру, шығармашылықпен ойлауға, өз бетінше шешім қабылдауға үйрету. Оқушылардың ген инженериясы туралы білімдерін тереңдете отырып еліміздің соңғы жылдары тұқым қуалаушы ауырулардың алдын алу, гендік жағдайлардың жалпы қоршаған ортаға әсері туралы оқушыларды түсініктерін тереңдету.

10-11 сынып оқу курсына «Гендік инженерия» және «математика күнделікті өмірде» пәндері 2024 жылғы 28 тамыздағы мектептің №1 педагогикалық кеңесінің ұсынбаларын басшылыққа ала отырып бекітілді.

Оқу жоспары 2024-2025 оқу жылында ҚР орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы Әдістемелік нұсқау хатын және 2024 жылғы 28 тамыздағы мектептің №1 педагогикалық кеңесінің ұсынбаларын басшылыққа ала отырып жасақталды.

**«Саздыбұлақ ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ  
оқыту қазақ тілінде жүргізетін бастауыш білім беретін үлгілік оқу  
жоспары  
2024-2025 оқу жылы**

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны				Жалпы жүктеме, сағат	
		1	2	3	4	апталық	жылдық
<b>Инварианттық компонент</b>							
	Тіл және әдебиет	6	9	11	11	37	1252
1	Әліппе, Ана тілі	6	-	-	-	6	198
2	Қазақ тілі	-	4	4	4	12	408
3	Әдебиеттік оқу	-	3	3	3	9	306
4	Орыс тілі	-	2	2	2	6	204
5	Ағылшын тілі	-	-	2	2	4	136
	Математика, информатика	4,5	5	6	6	21,5	726,5
6	Математика	4	4	5	5	18	608
7	Цифрлық сауаттылық	0,5	1	1	1	3,5	119
	Жаратылыстану	1	1	1	2	6	203
8	Жаратылыстану	1	1	1	2	6	203
	Адам және қоғам	1	1	1	1	4	135
9	Дүниетану	1	1	1	1	4	135
	Технология және өнер	3	3	3	2	10	337
10	Музыка	1	1	1	1	4	135
11	Көркем еңбек	-	-	-	1	2	68
12	<b>Еңбекке баулу</b>	1	1	1	-	2	67
13	<b>Бейнелеу өнері</b>	1	1	1	-	2	67
	Дене шынықтыру	3	3	3	3	12	405
14	Дене шынықтыру	3	3	3	3	12	405
	<b>Инварианттық оқу жүктемесі</b>	<b>18,5</b>	<b>22</b>	<b>25</b>	<b>25</b>	<b>90,5</b>	<b>3058,5</b>
<b>Вариативтік компонент</b>							
	Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	1	2	1	1	5	169
	Қызықты математика	1	1	1	1	4	135
	Сөз мерген		1			1	34
	<b>Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі</b>	<b>19,5</b>	<b>24</b>	<b>26</b>	<b>26</b>	<b>95,5</b>	<b>3227,5</b>

**«Саздыбұлақ ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ  
оқыту қазақ тілінде жүргізетін негізгі орта білім берудің  
үлгілік оқу жоспары  
2024-2025 оқу жылы**

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны				Жалпы жүктеме, сағат	
		5	6	7	8	апталық	жылдық
<b>Инварианттық компонент</b>							
	Тіл және әдебиет	<b>11</b>	<b>11</b>	11	11	<b>44</b>	<b>1496</b>
1	Қазақ тілі	3	3	3	2	10	<b>340</b>
2	Қазақ әдебиеті	2	2	2	3	10	<b>340</b>
3	Орыс тілі мен әдебиеті	3	3	3	3	12	<b>408</b>
4	Ағылшын тілі	3	3	3	3	12	<b>408</b>
	Математика және информатика	6	6	6	6	24	<b>816</b>
5	Математика	5	5	-	-	10	<b>340</b>
6	Алгебра	-	-	3	3	6	<b>204</b>
7	Геометрия	-	-	2	2	4	<b>136</b>
8	Информатика	1	1	1	1	4	<b>136</b>
	Жаратылыстану	2	2	7	8	19	<b>646</b>
9	Жаратылыстану	2	2	-	-	4	<b>136</b>
10	Физика	-	-	2	2	4	<b>136</b>
11	Химия	-	-	1	2	4	<b>136</b>
12	Биология	-	-	2	2	4	<b>136</b>
13	География	-	-	2	2	4	<b>136</b>
	Адам және қоғам	3	3	3	3	13	<b>442</b>
14	Қазақстан тарихы	2	2	2	2	8	<b>272</b>
15	Дүниежүзі тарихы	1	1	1	1	4	<b>136</b>
16	Құқық негіздері	-	-	-	-	1	<b>34</b>
	Технология және өнер	3	3	1	1	8	<b>272</b>
17	Музыка	1	1	-	-	2	<b>68</b>
18	Көркем еңбек	2	2	1	1	6	<b>204</b>
	Дене шынықтыру	3	3	3	3	12	<b>408</b>
19	Дене шынықтыру	3	3	3	3	12	<b>408</b>
	Инварианттық оқу жүктемесі	<b>28</b>	<b>28</b>	<b>31</b>	<b>32</b>	32	<b>4080</b>
<b>Вариативтік компонент</b>							
	Жаһандық құзыреттілік	0,5	0,5	0,5	0,5	2,5	<b>85</b>
	Элективті курстар	-	-	-	-	-	-
	Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі	28,5	28,5	31,5	32,5	122,5	<b>4165</b>

**«Саздыбұлақ ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ  
оқыту қазақ тілінде жүргізетін жалпы орта білім берудің  
үлгілік оқу жоспары  
2024-2025 оқу жылы**

№	Оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны		Жалпы жүктеме, сағат	
		10	11	апталық	жылдық
<b>Инвариантний компонент</b>					
1	Қазақ тілі	2	2	4	<b>136</b>
2	Қазақ әдебиеті	3	3	6	<b>204</b>
3	Орыс тілі мен әдебиеті	2	2	4	<b>136</b>
4	Ағылшын тілі	3	3	6	<b>204</b>
5	Алгебра және анализ бастамалары	3	3	6	<b>204</b>
6	Геометрия	1	1	2	<b>68</b>
7	Информатика	1	1	2	<b>68</b>
8	Физика	2	2	4	<b>136</b>
9	Химия	2	2	4	<b>136</b>
10	Биология	2	2	4	<b>136</b>
11	География	1	1	2	<b>68</b>
12	Қазақстан тарихы	2	2	4	<b>136</b>
13	Дүниежүзі тарихы	2	2	4	<b>136</b>
14	Құқық негіздері	1	1	2	<b>68</b>
15	Дене шынықтыру	3	3	6	<b>204</b>
16	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	1	1	2	<b>68</b>
<b>Инварианттық оқу жүктемесі</b>		<b>31</b>	<b>31</b>	<b>62</b>	<b>2108</b>
<b>Вариативтік компонент</b>					
<b>Жаһандық құзыреттілік</b>		1	1	2	<b>68</b>
	Гендік инженерия	1	1	2	<b>68</b>
	Математика біздің өмірімізде	1	1	2	<b>68</b>
<b>Оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі</b>		<b>34</b>	<b>34</b>	<b>68</b>	<b>2312</b>